

ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВ

Еркеғали Рахмадиев 1932 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Шұбартау ауданында дүниеге келген. Композитор, педагог, музыка, қоғам қайраткері. Қазақстанның (1975) және КСРО (1981) халық артисі. 1952 жылы Алматы музыка училищесін, 1957 жылы Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірді. 1957—58 жылы Мәскеу қаласында КСРО Композиторлар одағы жанындағы мамандығын жетілдіру курсына оқыды. 1959 жылы Қазақ филармониясының көркемдік жетекшісі, 1961—65 жылдары Қазақстан Мәдениет министрлігінің өнер істері бас басқармасының бастығы. 1966—67 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрының директоры, 1967—75 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры (1979 жылдан профессор), 1968 жылдан Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының хатшысы, 1990—93 жылдары Қазақстан Мәдениет министрі болды. Композитор өз шығармашылығында қазақ халық музыкасының бай мұрасы мен классикалық музыка өнер жетістіктерін шебер пайдалана білді. Оның симфониялы-опералық, вокалдық-аспаптық, камералық шығармалары кәсіби ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, оның жанрлық салаларын байытты. Еркеғали – «Қамар сұлу» (1963), «Алпамыс» (1972), «Тың тынысы» (1980) «Абылайхан» (2004) операларының; «Амангелді» (1956), «Толғау» (1960), «Дайрабай күйі» (1961), «Мейрам күйі» (1966), «Құдаша – думан» (1973), «Ортпа» (1977) атты симфониялық поэмалардың; «Мерекелік кантата» (1970), «Конституция туралы поэма» (1977; үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын 1980 жылы алды) кантаталарының; хорға арналған. «Балқаштағы кеш» (1962), «Көктем үні» (1977) атты вокалдық-хореографиялық шығармалардың, сондай-ақ, «Таң самалы» (1963), «Туған ел», «Өз елім» т.б. ән-романстардың авторы.

239. ӘНШІ СЫРЫ

Орындаған Жүсіпбек Елебеков

Асықпай, шалқыта

Он жа-сым-нан қо-лы-ма, о - оу, дом - бы - р(а)ал-дым - ай,
Ас - қақ - та - та шал - қы - та - ай, ән - ге сал - дым.
Ұр - па - ғы-мын мен - да-ғы, о - оу, ө - нер ку - ған - ай,